

Біз қазір айға да, аспанға да ұмтылып жатқан жоқпыз. Бар ынта-жігеріміз – жаһандық бәсекеде, қазір сол тізімде 42-орындамыз. ТМД елдері арасында Ресейді артқа тастап, алға жылжыған екінші ел – біз. Коштын үздік үштігінде Швейцария, Сингапур, АҚШ мемлекеттері тұр. Айта кетейік-, әлемдік экономикалық форум бұл рейтингті инфрақұрылымы, еңбек пен тауар нарығына- қабілеттілігі, денсаулық сақтау мен білім сапасы, мемлекеттегі макроэкономикалық талпынысы, инновациясы, қаржылық дамуы бәсекеге қабілетті деген талапқа сай келетін елдер арасында жасак-таған. Демек, біздің тобеміздің қорықпай калғаны.

Шыны керек, егемендік жариялағаннан кейін алыс елдерден бізді танығандар көп болған жоқ. Қазақ елі өзінің көн тыныстап, алшан басып жүргенінің арқасында Еуропа тәрізді Азия қозғалысына ие болды. Бүгінде экономикалық талаптарға сай бір емес, бірнеше елдермен сауда-нарықтық байланыс орнатып, әлемдік саяси сахна «терезесін» қағып жүр. Ал Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болғанымызға 4 жылға жуықтағанымен, шешілмеген ортақ мәселе бар. Ол – ЕАЭО елдеріне- ортақ валюта қоры. Бұл мәселе туралы бұған дейін де жазып келгенбіз. 2015 жылы үш дос үшжақты кездесу өткізіп, сонда Путин:

- Бүгінде ақша саясатын үйлестіріп отырған тиімді. Сондықтан болашақта валюта одағын құру мәселесін талқылайтын уақыт келді деп ойлаймыз. Қойын-қолтық жұмыс істеудің арқасында ортақ қаржы нарығын оңай қорғауға болады, - деген еді.

Одан бері үш жыл іргеде қалып, төртінші жыл табалдырықта тұр. Жуырда осы мәселеге үлкен нүкте қойылған тәрізді. Ойткені ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Д.Ақышев Армения астанасында өткен ЕАЭО мүше мемлекеттердің ортақ банкінің валюталық саясат жөніндегі консультациялық кенесінің отырысына қатысты. Бас банкінің айтуынша, қазіргі уақытта одақтың ошағын-а үніліп отырған бес елдің қаржылық реттеу-шараларының күш-жігері ортақ қаржы нарығын қалыптастыру бағдарламалық құжатын әзірлеуге жұмсалады. Сондай-ақ, банктік және сақтандыру секторларындағы, бағалы қағаздар нарығындағы еншілес ұйымдардың қолжетімділігін жеңілдетуге- байланысты мәселелер де назардан тыс қалмады-. Тұжырымдаманың қаржы нарығын реттеу-жөніндегі жоғары органның міндеттерін және өкілеттіктерін сипаттауға арналған бөлімінің мазмұнына қатысты пікір алмасқан тараптар бір шешімге келгендей. Яғни, ортақ валюта орталығы 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы- шартқа сәйкес Алматы қаласында 2025 жылы құрылуға тиіс.

- Казакстан Үлттык Банкі үшін бұл іс-шара орталық (үлттық) банктердің қызыретіне кіретін мәселелер бойынша пікір алмасуға арналған тиімді алаң ғана емес, сол сияқты одан әрі ықпалдасу және ЕАЭО ортақ қаржы нарығын құру бойынша-шоғырландырылған ұстанымды әзірлеу орны, - деді еліміздің бас банкирі Ереван торіндегі жиында.

Ал, бес елдің сауда-экономикалық саласындағы ортақ валютаға бас июі туралы VIII Астана экономикалық форумында Еуразиялық даму банкі басқармасының төрағасы Дмитрий Панкин:

- Менінше, валюта – ең сонынан қотерілуге тиісті мәселе. Мұны Еуропалық интеграция тәжірибесі де көрсетіп отыр. 30 жылға созылған интеграциялық процестер түптеп келгенде еуроның құрылуына түрткі болды. Ал қазір бізде жағдай- қандай? Тіпті, салық-бюджет саясатымыз және басқа да экономикалық ұстанымдарымыз келісілмеген. Бұл – байыпты проблема. Қырғызстанда жан басына шаққандағы табыс 1000, Казакстанда 13 мың, Ресейде 14 мың долларды құрайды. Яғни, табыс деңгейі, экономика құрылымы алуан түрлі. Сондықтан да бір секіріп, бірыңғай валютаға қошу үлкен қателік болар еді, - деген болатын.

Айта кетейік, жыл басынан бері ЕАЭО елдерінің сыртқы саудасы 419,6 млрд долларға жеткен. Десек- те, сауда көлеміне қарамастан Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграция және макроэкономика бойынша коллегия мүшесі Татьяна Валовая да бұл мәселеге келгенде кесімді пікір айту қажет емес деп есептейді.

- Еуропалық одақтың жағымды тәжірибесінен бөлек, ЕАЭО олардың қателіктерінен де сабақ алуы керек. «Бұл тұрғыда еуропалық тәжірибені өте жіті зерттей келе, біз ортақ валюта туралы сөз қозғау әлі ерте екенін, тіпті «ол туралы айтудың қажеті бар ма?» деген шешімге келдік. Неге? Біз өзіміздің экономикалық құрылымдарымызды сараптадық. Біздің экономикалық құрылымдардың Еуропалық одақтан айырмашылығы көп. Мәселен, өзара сауда-саттықтың үлесі – бізде 14,5 пайыз. Ал Беларусь секілді елде бұл көрсеткіш сауда-саттықтың 50 пайызын құрайды. Себебі-, Казакстан мен Ресей – әлемдік энергия өндіру тұрғысында айтарлықтай салмақты ойыншылар. Ал Еуропа одағында өзара сауда-саттықтың үлесі 66 пайызға жетеді. Демек, Еуропа одағы елдерінің кәсіпкерлері бірыңғай валютаны енгізе отырып, біршама қаражатын үнемдеп қалды. Осыны- ескере отырып, біз ортақ валютаны енгізуге асықпау керектігін, тіпті бұл тақырыпты талқы-лаудың қажеті жоқ екенін түсіндік, - деп өз ойын жеткізген казак астанасында өткен «АХКО және ЕЭК: серіктестік қожиегі» атты отырыста.

Сондай-ақ, жvздесу аясында КҮБ торагасы Д.Ақышев Беларусь Республикасы Үлттык банкінін баскарма торагасы П.Каллаурмен ақпарат-тық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сала-сындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге және бес елдің орталық банктерінін торагалары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлес-тіру туралы келісімге қол қойды.

Н.КАРАСАЙ